

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ЭЖД	Жоспарлау
Мәртебесі: қолданыста	ПЛ 08 12 АА	7-дан 1 бет

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның
еншілес ұйымдарға қатысты
2016 – 2020 жылдарға арналған
дивидендтік саясаты

1. Мәні

Осы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның еншілес ұйымдарға қатысты 2016 – 2020 жылдарға арналған дивидендтік саясаты (бұдан әрі - Дивидендтік саясат) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның (бұдан әрі - Қоғам) Қоғамға тиесілі акциялар пакетіне немесе қатысу үлесіне дивидендтерді төлеу мәселесі бойынша жүз проценттік дауыс беруші акциялары (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қоғамға тиесілі заңды тұлғалармен (бұдан әрі - Ұйымдар) өзара қатынастарының негізін белгілейді.

2. Әрекет аясы

Осы Дивидендтік саясат Ұйымдарға қатысты қолданылады.

Рев.№	Беттер өзгертілген	Әзірледі	Бекітті
0.		ЭЖД директоры Сапақова Г.А. _____ 2014 ж. «25» желтоқсан	Басқарманың 2014 ж. « 26 » желтоқсандағы № 873 шешімі
1.	5-8 беттер	Экономика және тәуекел-менеджмент жөніндегі басқарушы директор Сапақова Г.А. _____ 2016 ж. «27» сәуір	Басқарманың 2016 ж. « » _____ № ____ шешімі

3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Дивидендтік саясатта тиісті анықтамалармен, сондай-ақ тиісті түсіндірулері бар қысқартулармен келесі терминдер қолданылады:

Қоғам	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ
Дивидендтер	Ұйымның жарғылық капиталындағы оған тиесілі акциялар / қатысу үлестері бойынша Қоғамға төленетін, есептік кезеңдегі Ұйым қызметінің шоғырландырылған қыржылық есептілігіне / қорытындыларына сәйкес Ұйымның таза кірісінің (пайдасының) бөлігі
Негізгі дивидендтер	Дивидендтерді есептеудің барынша аз нормативіне сәйкес есепті кезеңде Ұйымдар төлейтін дивидендтер
Қосымша дивидендтер	Негізгі дивидендтерден тыс есепті кезеңде Ұйымдар төлейтін дивидендтер
Барынша аз норматив	Мөлшері Дивидендтік саясатқа Қосымшасына сәйкес келетін негізгі дивидендтерді есептеу кезінде қолданылатын коэффициент
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарты
Қор	«Самұрық-Қазына» АҚ.

4. Жалпы ережелер

4.1. Осы Дивидендтік саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғам жарғысына, Қоғамның 2015 – 2025 жылдарға арналған стратегияларына, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

4.2. Негізгі өзара қатынастар Қор бекіткен Ұйымдарды дамытудың 2016 – 2020 жылдарға арналған орташа мерзімдік жоспарларының, сондай-ақ олардың қаржылық-шаруашылық қызметтерінің қорытындыларын шығару жұмысының аясында Ұйымдардың уәкілетті органдары ұсыныстарының негізінде Ұйымдардың таза кірісін (пайдасын) бөлуді және қайта инвестициялауды ескере отырып белгіленеді.

4.3. Қоғамға дивидендтерді төлеу шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Ұйымдардың жарғыларымен, сондай-ақ жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысының) немесе Ұйымның – акционерлік қоғамның, Ұйымның (қатысушылардың жалпы жиналысының) – жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз қатысушысының барлық дауыс беруші акцияларына ие тұлғалардың тиісті шешімдерімен реттеледі.

5. Дивидендтік саясаттың мақсаты және негізгі қағидаттары

5.1. Дивидендтік саясаттың мақсаты Қоғамның және Ұйымдардың мүдделер балансын, сондай-ақ дивидендтердің көлемін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін анықтау кезінде тәсілдің болжамдығын және айқындығын қамтамасыз ету болып табылады.

5.2. Дивидендтік саясаттың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

5.2.1. Қоғамның акциялар пакетіне Қоғамның дивидендтерді кепілді төлеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қордың - Қоғамның Жалғыз акционерінің тапсырмасы бойынша төлемдер мен шығындарды жүзеге асыру қағидаты.

5.2.2. Қоғамның қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің және инвестициялық жобалардың жаңа түрлерін қаржыландыруды қоса, Қоғамның қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидаты.

5.2.3. Ұйымдардың дамытуға жұмсалған шығындарын, соның ішінде белгіленген тәртіпте Қоғаммен келісілген өздерінің инвестициялық жобаларын қаржыландыру қажеттілігінің қағидаты.

5.3. Ұйымдардың Қоғам пайдасына есептелінетін дивидендтер көлемі төмендегілерді қаржыландыру үшін Қоғамның ақшалай мұқтаждығын өтеуге тиіс:

5.3.1. Қоғамның акциялар пакетіне дивидендтерді төлеуді;

5.3.2. Қордың тапсырмасы бойынша төлемдер мен шығындарды;

5.3.3. Қоғамның ағымдағы қызметін;

5.3.4. Қоғамның қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің және инвестициялық жобалардың жаңа түрлерін.

6. Дивидендтердің көлемін анықтау тәртібі

6.1. Ұйымдарға қатысты төленетін дивидендтер көлемі олардың қаржылық-экономикалық жағдайына байланысты сараланып анықталынады.

6.2. Ұйымдардың есепті кезеңде есептейтін негізгі дивидендтерінің көлемі Ұйымдардың таза кірісін (пайдасын) және осы Дивидендтік саясатқа Қосымшада көрсетілген дивидендтерді есептеудің барынша аз нормативін ескере отырып есептелінеді. Ұйымдардың таза кірісі (пайдасы) шоғырландырылған қаржылық есептілікке, немесе, меншікті еншілес ұйымдары болмаған кезде, ХҚЕС-ға сәйкес жасалған жеке қаржылық есептілікке сәйкес анықталады. Ұйымдардың Жылдық шоғырландырылған/жеке қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйымның қорытындысымен расталуға тиіс.

Рев. 1	201_ж. «__» _____	ПЛ 08 12 АА	7-дан 2 бет
--------	-------------------	-------------	-------------

6.3. Әрбір Ұйым үшін дивидендтерді төлеу бойынша барынша аз нормативі еншілес ұйымдарға қатысты Қордың Дивидендтік саясатын, Ұйымдардың 2016 – 2020 жылдарға арналған даму жоспарларын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, Ұйымдардың дивидендтерді төлеу мәселелері бойынша өзге де құжаттарын (Ұйымдардың Құрылтай шарттарын, ҚЖЖ хаттамаларын) ескере отырып белгіленеді.

6.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Дивидендтік саясатқа және Ұйымдардың жарғыларына сәйкес, Ұйымдардың уәкілетті органдары өткен қаржылық жыл ішіндегі және жылдың дивидендтер көлемінде Ұйымның таза кірісін (табысын) бөлу тәртібі туралы ұсыныстарды әзірлейді. Қолайлы нарық жағдаяты жағдайында дивидендтер көлемі қосымша дивидендтерді есептеу есебінен арттуы мүмкін. Дивидендтерді есептеу кезінде Ұйымдардың қаржылық жағдайы және даму жоспары ескеріледі.

6.5. Дивидендтердің көлемі туралы соңғы шешімді Ұйымдардың жоғарғы органдары қабылдайды.

7. Дивидендтерді уақытылы төлеу жауапкершілігі

Дивидендтерді толық және уақытылы төлеу жауапкершілігін (Ұйымдар дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдаған күнінен бастап кем дегенде 60 күндік мерзімде) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Ұйымдардың жарғыларына сәйкес Ұйымдардың атқарушы органдары көтереді.

8. Қосымша

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ұйымдарының таза кірісін бөлу кезінде дивидендтерді есептеудің 2016 – 2020 жылдарға ұсынылатын барынша аз нормативтері» қосымшасы.

Қосымша

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ұйымдарының таза кірісін бөлу кезінде дивидендтерді есептеудің 2016 – 2020 жылдарға ұсынылатын барынша аз нормативтері

р/б №	Ұйымның атауы	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үлесі	2016 – 2020 жылдарға арналған дивидендтер бойынша ұсынылатын барынша аз нормативтер	Ескерту
Уран өндіруші кәсіпорындар				
1.	«Қазатомпром SaUran» ЖШС	100%	30%	
2.	«РУ-6» ЖШС	100%	30%	
3.	«Орталық» ӨК» ЖШС	100%	30%	
Өндірістік-қосалқы және қызмет көрсететін кәсіпорындар				
4.	«Волковгеология» АҚ	65,1%	30% ¹	«ҮМЗ» АҚ үлесі 24,9% құрайды, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен «ҮМЗ» АҚ-ның бірлескен дауыс беруші акцияларының үлесі 100% құрайды.
5.	«Геотехносервис» ЖШС	100%	30%	
6.	«Реммонтажсервис» ЖШС	100%	30%	
7.	«Қорған-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС	100%	30%	
8.	«Байланыс-ҰАК» ЖШС	100%	30%	
9.	«ЖТИ» ЖШС	100%	30%	
Энергетика, СЖМ және ЯОЦ кәсіпорындары				
10.	«МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС	100%	Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес	
11.	«Astana Solar» ЖШС	100%	30%	

¹ таза кірістен 30% – жай (дауыс беруші) және артықшылық берілген акциялардың барлық түрлері бойынша төленетін дивидендтердің барынша аз жалпы сомасы

Рев. 1	201_ж. «__» _____	ПЛ 08 12 АА	7-дан 2 бет
---------------	--------------------------	--------------------	--------------------

12.	«МК «Kaz Silicon» ЖШС	100%	30%	
13.	«Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС	100%	30%	
14.	«ҮМЗ» АҚ	90,1859%	30% ¹	100% дауыс беруші акциялар.

Рев. 1	201_ж. «__» _____	ПЛ 08 12 АА	7-дан 2 бет
--------	-------------------	-------------	-------------

Келісу парағы

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның
еншілес ұйымдарға қатысты
2016 – 2020 жылдарға арналған
дивидендтік саясаты**

р/б №	Бөлімше	Лауазым	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
1	Басшылық	Экономика және қаржы жөніндегі бас директор	Юсупов М.Б.		
2	ЗД	Директор	Задорожный А.В.		
3	БЕЕД	Директор	Қалиева З.Ғ.		
4	КҚҚД	Директор	Жүнісова Ә.С.		
5	КБД	Директор	Төлебаев М.Д.		